

“Адамзаттың рухына керектің үлкені - газет, журнал, кітап оқу”

С. Сейфуллин

ЖАҢААРҚА

Аудандық қоғамдық-саяси газет

эл. пошта: janaarkagazeti@mail.ru

Газет 1938 жылғы 24 сәуірден шығады

№4 (10113), 4 ақпан, 2023 жыл



Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер жайлы кеңінен талқыланды



Аудан әкімдігінің мәжіліс залында мемлекеттік көрсетілетін қызметтер бойынша семинар кеңес өтті.

Семинар кеңеске Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ұлытау облысы бойынша департаментінің Мемлекеттік қызметтер көрсету басқармасының басшысы Қасымбекбаев Асхат Тәңірбергенұлы, аудандық қоғамдық кеңестің төрағасы Амантай Нығатайұлы, ауданымыздағы мемлекеттік мекеме басшылары мен қызметкерлері, кент әкімдері мен қызметкерлері, аудандық білім бөлімінің мамандары қатысты. Семинар кеңесті аудан әкімінің аппарат басшысы Б.Ақыжанов жүргізді.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ұлытау облысы бойынша департаментінің Мемлекеттік қызметтер көрсету басқармасының басшысы Қасымбекбаев Асхат Тәңірбергенұлы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер сапасын арттыру бойынша хабарлама жасады. Баяндама барысында облысымыз бойынша әр аймақта көрсетілген мемлекеттік қызмет түрлерінің көрсеткіші салыстырмалы диаграммалар арқылы слайд арқылы көрсетілді. Аудан бойынша кемшіліктер бар екені айтылып өтті.

Семинар барысында бөлім басшылары мен қызметкерлері өздерінің саласы бойынша сұрақтар қойып, жауап алды. Ауылшаруашылық бөлімінен, сәулет және қала құрылысы бөлімінен, жер бөлімінен, кент әкімдігінен мемлекеттік қызмет көрсетуге байланысты түрлі сұрақтар қойылып, жауаптар алынды.

Мемлекеттік қызмет көрсету барысында интернет желісінің қуатының аздығы, ауылдық жерлерде интернеттің ұстамауы, бағдарламалардың қосылмауы кедергілер келтіреді. Бұған қоса кейде жарықтың сөнуінен қызмет көрсетілмеуі сылтауға айналған.

Мемлекеттік қызметкерлердің жұмыс барысындағы жауапкершілігінің жоғары болуы мемлекеттік қызметтің жақсаруына негіз болады. Осы тұрғыда Асхат Тәңірбергенұлы мемлекеттік қызметкерлердің салғырттығынан болатын кемшіліктерге бөлім басшылары жауапты болатынын ескертті. Аудандық қоғамдық кеңестің төрағасы Амантай Нығатайұлы бірлесе жұмыс атқаратындарын айтып өтсе, аудан әкімінің аппарат басшысы Б.Ақыжанов кемшілік жасауға жол бермеу керектігін айтып, ауыл мамандарын оқытып, біліктіліктерін арттыру қажет екендігін айтып, ұсыныс білдірді.

Салтанат Аманқызы

Шаруа қожалықтарының жай-күйімен танысты



Облыс әкімінің бірінші орынбасары Аман Барикенов, облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының басшысы Қайрат Мутаев, сондай-ақ, облыстық ветеринария басқармасының басшысы Әбусағит Әбдікер ауданымызға іссапармен келіп, аймағымыздағы шаруа қожалықтарында болды.

Шаруа қожалықтарының жай-күйімен

жгі танысу мақсатында Ақтүбек ауылдық округіндегі «Мирас» шаруа қожалығы мен Бидайық ауылдық округіне қарасты Қармола елді мекеніндегі мал бордақылау алаңына барып, шаруалардың тыныс тіршілігін көрді.

Содан кейін аудан әкімдігінің мәжіліс залында ауданымыздағы қожалық иелерімен кездесіп, ауыл шаруашылығы саласына қатысты сауалдарына жауап берді. Жиын барысында Ұлытау облысы бойынша “Аграрлық несиесі корпорациясы” АҚ-ның директоры Ілияс Бекмағамбетов ауыл шаруашылығын қолдауға арналған несиелер (лизинг) мен субсидиялау туралы және кооператив құру мәселелері бойынша жан-жақты түсінік берді.



Индира Рахымбаева,
аудан әкімінің баспасөз хатшысы

Жоба мақсаты - әлеуетті көтеру

Ұлытау облысында «Табысты отбасы» әлеуметтік жобасының алғашқы түлектері өз істерін ашуға құрал-жабдықтар алды.

Ұлытау облысында іске қосылған «Табысты отбасы» әлеуметтік жобасының қатысушылары өздерінің кәсіпкерлік қызметін бастау үшін ноутбуктер, тігін машиналары, электр пештері, миксерлер, қушеткалар, мультимаркалық сканер және басқа да жабдықтар алды. Жабдықтар жиынтығын салтанатты түрде беру Жезқазғанда өтті.

Іс-шараға Ұлытау облысының әкімі Б.Әбдіғалиұлы, «Самұрық-Қазына» АҚ қорының және өңірлік еншілес ұйымдарының өкілдері, сондай-ақ жоба жетекшілері мен қоғам қайраткерлері қатысты.

Өңір басшысы «Табысты отбасы» әлеуметтік жобасының алғашқы түлектерін құттықтап, бұл олардың өнімді жұмысы мен кәсіби дамуы үшін жақсы бастама екенін атап өтті. Алдағы уақытта ісін жаңа бастаған кәсіпкерлер алған қаражатын өз бизнесін кеңейтуге бағыттап отырып, облыс әкімінің грантына өтінім бере алады.

«Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қоры бас директорының орынбасары С.Қалиасқаров өз кезегінде бұл жоба тікелей үйде ақша табуға нақты мүмкіндік беретінін атап өтті. Әр қатысушыға 150 АЕК (459 450 теңге) сомасына жабдықты өтеусіз беру – бұл өз ісін ашқысы келетіндерге елеулі қолдау.

Нәтижесінде 14 адам сертификаттар мен қажетті жабдықтар алды. Қазіргі уақытта біздің өңірдің тағы 26 тұрғыны тәлімгерлермен және жаттықтырушылармен білім алуда.

«Табысты отбасы» әлеуметтік жобасының мақсаты – халықтың неғұрлым осал топтарының өкілдерін, оның ішінде көп балалы және аз қамтылған отбасылардың мүшелерін, табысы төмен отбасылардан шыққан жастар өкілдерін, сондай-ақ балаларды жалғыз тәрбиелеп отырған отбасыларды (немесе ерекше қажеттіліктері бар балаларды) кешенді оқыту.

ulytauregion паракшасынан

Латын графикасының негіздері



Қазақ тілінің жетілуі заман талабына сай өзгеріп отырғаны бізге мәлім. Тарихқа жүгінетін болсақ, қазақ халқы өзге түркі халықтары сияқты 4-5 ғасыр бойы араб жазуын пайдаланды. XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап зиялылар, оның ішінде Ыбырай Алтынсарин тәрізді ағартушылар, қазақтың ұлттық жазба әдеби тілін қалыптастыру үшін оның дыбыстық жүйесін толық бере алатын жаңа алфавит қабылдауды не осы жазуды жетілдіруді күн тәртібіне

қоя бастады.

Қазақ жазуы - қазақ тілінің әріп таңбаларынан тұратын жазу жүйесі. Көне заманнан бері қазақтар әртүрлі жазу жүйесін пайдаланып келген. XX ғасырдың басында А.Байтұрсынұлы араб жазуын қазақ тілінің заңдылықтарына орай бейімдеп, қазақ әліпбиін жасады. Осы әліпби негізінде кітаптар жарық көрді, шәкірттер білім алды. Мағжан, Абай, Мұхтар секілді алыптардың еңбектері осы әліпби негізінде жазылды. 1929-1940 жылдар аралығында халқымыз латын графикасы негізіндегі әліпбиді пайдаланды. 1940 жылдан бастап қазіргі қолданыстағы кириллицаға негізделген әліпби қолданылуда. Қазіргі кезде мемлекетіміз латын әліпбиіне көшуге қызу дайындық үстінде.

Бұқаралық ақпарат деректеріне сүйенсек, бүгінде әлемнің 70% елдері латын жазуы арқылы білімді игеріп, ғылыми зерттеулермен танысуда. Бұл дегеніміз – білім, ғылым, саясат пен техника, мәдениет пен өнер, спорт т.б. қатысты жазбаша ақпараттың барлығы дерлік латын графикасымен беріледі, қоғамдық өмірдегі жаңалықтардың басым бөлігі осы графиканың негізінде таралады дегенді білідерді. Демек, латын әліпбиінің біздің отанымыздың әлемдегі дамыған 30 елдің қатарына қосылу талабының орындалуы жолында маңызды роль атқаратыны сөзсіз.

«Жеті рет өлшеп, бір рет кес» дегендей, латын әліпбиіне қатысты өз көзқарастарын білдіріп, ой бөлісіп, тіл тағдырына алаңдаушылық білдірушілердің айтқан пікірлерінің барлығын да маңызды деп білеміз. Дегенмен, мәселенің байыбына терең бармай, әліпби өзгертуді бұрынғы кирилл әріптерін латын әріптерімен ауыстыра салу деп түсінетіндер де бар. Егер бұлай түсінсек, қазіргі 42 әріпті өзгеріссіз латын әріптеріне ауыстыра салып, қайтадан орысша-қазақшасын араластырып сөйлеп-жазып жүре берсек, одан ештеңе де өзгермейтіні баршаға аян. Сондықтан әліпби реформасы нақты ғылыми ұстанымдарға сүйенеді. Жазу - әрбір халықтың рухани, мәдени өсуін, даму деңгейін көрсететін әлеуметтік мәні зор құбылыс. Ол өткен мен бүгінді, бүгін мен келешекті жалғастыратын алтын көпір. Сондықтан жазу, алфавит адамзат тарихындағы құнды дүниелердің бірі ретінде ұрпақтан-ұрпаққа мирас етіп қалдыратын байлығымыз.

Қазіргі орфографиямыздағы кейбір қиындықтарға қарап, «біздің жазуымыз осыншама сын көтермегені ме?» деп те ойлауға болмайды. Осы жазуымызға ұрпаққа білім беріп, оларды талай биіктерге жетеледі, қазақтың әдебиетін, мәдениетін, ғылымын көтерді, егеменді мемлекетімізге де қызмет етіп келеді. Енді жағдай өзгерді, біз бұрынғыны қанағат етіп қана қалмай, алға ұмтылған, әлемдегі дамыған озық елдердің деңгейінде ғана емес, алдыңғы қатардан көрінуге мүмкіндігі мол егеменді Қазақ елі ретінде әліпбиіміз бен жазуымызға да мемлекеттік тіл дәрежесіндегі қазақ тілін әлемге таныта алатындай жағдай жасауымыз қажет. Латын графикасы арқылы таңбаланған қазақ әліпбиі мен жазуы қазақ елін осы биіктерге бастайтынына кәміл сенеміз.

Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі

Аудан әкімдігінде

Жұмыстар бағаланып, тапсырмалар берілді

Аудан әкімінің кезекті аппараттық жиыны ZOOM қосымшасы арқылы өтті. Барлық мекеме басшылары мен ауыл әкімдері қатысқан жиында 2021-2022 жылдың әлеуметтік экономикалық даму қортындысы туралы экономика және қаржы бөлімінің басшысы Айдархан Тапашұлы Аманбаев хабарлама жасады. Өткен жылдың бюджеті оның қолданыс аясы туралы кеңінен баяндалды. Келесі кезекте аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Ибраева Шолпан Қалуқызы хабарлама жасап, өз саласындағы атқарылған жұмыс пен игерілген қаржыға тоқталды. Аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Медет Мұқажанов жыл бойы атқарылған жұмыстарға тоқталып өтті. Әлеуметтік желідегі ұсыныстардың орындалысы туралы аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы Сайлаубеков Жалғасбек хабарлама жасады.

Есеп берген бөлім басшыларын тыңдаған аудан әкімі әр сала бойынша атқарылған жұмыстардың кейбір тұстарына байланысты сұрақтар қойып, нақты жауап алды. Халықпен кері байланыс жасау барысында әлеуметтік желінің атқарар қызметі зор. Осы орайда сын мен мін айтылып отыратын желідегі қойылған сұрақтарға өз мекемесіне тиесілі болса да кері байланыс жасамаған басшыларға ескерту жасалып, уақытылы жауап беріп, халықтың тілек-ұсыныстарына бей-жай қарамауды қатаң тапсырды.

Барлық мекеме, бөлім басшылары мен ауыл, кент әкімдері қатысқан аппараттық жиында аудан басшысы Юржан Асанұлы алдағы уақытта да әркім өзіне тапсырылған міндетті дұрыс атқаруды тапсырды. Күн тәртібінен түспейтін жылу беру, су мен жарық, көше тазалығы басты назарда болатынын баса айтып, жаңа аптаға сәттілік тіледі.

Өз тілшімізден

2023 жылдың 12 ақпанында өтетін Қараағаш ауылдық округі әкімінің сайлауына байланысты әкім лауазымына үміткер кандидаттардың сайлаушылармен кездесуіне арналған үй-жайдың және үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін белгіленген орындары бойынша ақпарат Әкім лауазымына үміткер кандидаттардың сайлаушылармен кездесуіне арналған үй-жайдың мекенжайы

№	Елді мекеннің атауы	Мекен жайы	Жалпы орны
1	Ынтылы ауылы	Мәдениет үйінің акт залы, Төлебай сал көшесі, 1	125 орын

№	Елді мекеннің атауы	Үгіттік баспа материалдарын орналастыру
1	Ынтылы ауылы	Мәдениет үйінің жанындағы ақпараттық қалқан, Төлебай сал көшесі, 1

ЖАҢААРҚАДА – ЖАҢА ОРТАЛЫҚ



Жас кәсіпкерлерді қолдау мақсатында Ұлытау облысы әкімінің қайтарымсыз грантына байқау жарияланғалы тақым қысқан жаңаарқалықтар күні кеше жарқын жобаның ашылуына куә болды. Массаж орталығын ашу жобасымен бағын сынаған жаңаарқалық жас кәсіпкер Ажар Қумабаева облыс әкімінің 1 500 000 теңгелік грантын жеңіп алған болатын.

Массаж орталығы аудан тұрғындарына 15 түрлі қызмет ұсынады. Бағасы да – қолжетімді.

– Массаж орталығын ашу көптен бергі арманым еді. Аудан орталығында мұндай қызмет түрін ұсынатын орталықтар жоқ. Сұраныс болатынын ескеріп және массаж жасау бойынша шеберлігімді шындап, грантқа құжат тапсырдым. Жас кәсіпкерлерге кәсібін дөңгелетіп, жеке бизнесін ашуға

қолдау көрсеткен аудан, облыс басшылығына алғыстан басқа айтарым жоқ. Біз мемлекетке масыл болмаймыз! Кәсібіміз табысты болып жатса, салығымызды төлеп, жерлестеріміз үшін жұмыс орындарын ашамыз. Сөйтіп, аудан экономикасының дамуына өз үлесімізді қосамыз. Халық денсаулығын сауықтыру ісіне қатысып, қарапайым халықтың алғысына кенеліп жатсақ, адал еңбектің нәсібін көрген болар едік, – дейді Ажар Қумабаева.

Орталықтың ашылуына аудан жұртшылығы қатысып, салтанатты ашылу рәсімін кәсіпкер Бағдат Бекежанова, аудандық жастар ресурстық орталығының директоры Еркегүл Тәттімбекқызы жасады.


"Қыздың жиган жүгіндей" әсем әдіптеліп, көзтартарлық кейіпте безендірілген орталықтың салтанатты ашылуына дейін де халыққа қызмет көрсете бастаған-ды. Қасиетті жұма күндері мүмкіндігі шектеулі жандарға тегін қызмет көрсетіп, сауабы мол салиқалы іске де ұйытқы болған. Аз күнде көптің алғысына кенеліп, батасын алып үлгерген Ажардың ажарлы кәсібі нәсібін еселері анық. Көл болып ақтарылған көп тілегі мен жаңа жобаға шаттанған елдің көл-көсір қуанышы жиылған қауымға осыны айғақтағандай.

Салтанатты шара барысында тың жобаның тыңғылықты жүзеге асуына қолдау көрсеткен жанашырларға тегін қызмет көрсету сертификаттары табысталды.

Сонымен, Жаңаарқада – жаңа орталық! Мемлекеттің жастарға деген қамқорлығының жаршысындай болған "Ажар" сауықтыру орталығының ісі алға басып, қазынасы еселене берсін деген игі тілекпен тарқастық.

Нұргүл ШАМАЕВА

Кімдер тісін тегін емдете алады?



2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры стоматологиялық қызмет көрсету үшін стоматологиялық клиникалармен тікелей келісімшарттар жасай бастады. Бұрын шарт емханалар арқылы жасалып келді. Бұл дегеніміз пациент тіс дәрігерінің көмегіне жүгіну үшін алдымен отбасылық дәрігерге барып, жолдама алу керек-тін. Енді тісі ауырғандар уақыт оздырмай бірден стоматологқа

көріне алады. Дегенмен, тіс емдеу бәріне бірдей тегін еместігін ескеру керек. Шұғыл стоматологиялық көмек кепілдендірілген тегін медициналық көмек пакеті шеңберінде, халықтың әлеуметтік жағынан аз қорғалған санаттарына ғана көрсетіледі. Олар: 18 жасқа дейінгі балалар, жүкті әйелдер, ҰОС ардагерлері, зейнеткерлер, 1,2 және 3 топтағы мүгедектер, «Күміс алқа» және «Алтын алқа» төсбелгілерінің иелері, атаулы әлеуметтік көмек алушылар, мүгедек балаға немесе бірінші топтағы мүгедекке күтім жасайтын жұмыс істемейтін азаматтар.

–Шұғыл жағдай деп қандай кезде айтуға болады?

–Көбінесе стрептококктар немесе стафилококктар тудыратын терінің, тері астындағы тіндердің жедел бактериялық флегмонус инфекциясы;

абсцесс, фурункул, карбункул сияқты жақ-бет аймағының өткір одонтогенді емес қабынатын аурулары; остеомиелит; сыртқы қолжетімділікті қажет ететін тісті жұл; тек стационар жағдайында ғана көмек көрсетуге болатын басқа да жағдайлар. Егер тексергеннен кейін тіс дәрігері амбулаториялық жағдайда көмек көрсету мүмкін емес деп шешсе, ол пациентті емдеуден бас тартуға және оны жедел жәрдем арқылы ауруханаға жіберуге құқылы. Науқастың өміріне қауіп төндіретін кенеттен болатын жігі аурулар мен созылмалы аурулардың өршуі кезінде шұғыл стоматологиялық көмек қажет. Олар: пульпит (жедел немесе созылмалы қабыну); периодонтит (жедел немесе созылмалы қабыну); жақ-бет жарақаты (мысалы, тістің шығынауы немесе сынуы); жақ-бет аймағының одонтогендік және одонтогендік емес қабынудың өршуі; стоматит; жедел ауырсыну жағдайларында; шұғыл хирургиялық араласуды қажет ететін емдеулер. Медициналық сақтандыру пакеті шеңберінде 18 жасқа дейінгі балалар мен жүкті әйелдер амбулатория деңгейінде жоспарлы стоматологиялық көмекті тегін ала алады. Бұл санаттағыларға тісті жансыздандыру және жұл, сондай-ақ пломба салу, абсцесстерді ашу, пульпит пен периодонтитті емдеу, гипоплазия, флюороз кезінде тістің анатомиялық пішінін толық функционалды қалпына келтіру, еріндер мен тіл жүгеншегінің пластикасы, жақ-бет аймағының туа біткен патологиялары және таңдайдың бөлінуі (қасқыр ауыз) болған кезде ортодонтиялық қызметтер тегін көрсетіледі. Жоғарыда аталған шұғыл және жоспарлы стоматологиялық көмекті Ұлытау облысында "Стоматология Асия" ЖШС, жоғары медициналық колледж (Жезқазған қ.), "Стоматолог" ӨК, қалалық емхана (Сәтбаев қ.), Ұлытау, Жаңаарқа ауданының ауруханалары мен Жәйрем кентінің ауруханасы тегін негізде жеңілдік санаты барларға көрсетеді.

"Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры" KEAQ Ұлытау облысы бойынша филиалының баспасөз қызметі

Балдәурен сайысы



31 қаңтар күні мәдениет үйінің балалар мен жасөспірімдер бөлімінің ұйымдастыруымен аудандық "Балдәурен" балалар байқауы өткізілді. Вокал және хорео-

маны ретінде жас өнерпаздарға сын-ескертпелер жасап, ақылын айтып отырды. Мысалы, жетекшілерге балаға

Казылар алқасының төрйымы, белгілі әнші Гүлшара Оспанова өз ісінің

Тахир Дилназға (Ынтымак ЖББ), С.Сейфуллин атындағы мектептің 3А сынып оқушыларына, ІІ орын Қазбек Арайлымға (Ынтымак ЖББ), "Грация" бишілер тобына



графия номинациялары бойынша қатысқан балалар өз өнерлерін көрсетіп, өзара сайысқа түсті.

Казылар алқасының шешімі бойынша ІІ орынға Райымқұл Әнел (№140 НМ), Әкім Еркеназ (Е.Шаханов ТМ), Оразбек Нұржігіт (Ынтымак ЖББ), Нариман Нұрділ (О.Жұмабеков ТМ) не болса, ІІ орынды Әбдіғазиз Әбдуали (С.Сейфуллин ЖББМ) мен Мұрат Нұрсауле (Ақтүбек ЖББМ) қанжығасына байлады. Жүлделі І орын иегерлері Кабдулла Нұрасыл (Бидайық ЖББМ) мен Асхат Нұржан (Балалар өнер мектебі) көрінді.

Бас жүлде иегері Шубай Сағындық (Б.Амалбеков ТМ) атанды.

Қатысқан балалардың барлығы талапты әрі талантты. Әр мектеп өзінің баптаған өнерпаз оқушыларын қатыстырған. Бірақ жарыс болған соң жеңіліс те жеңіс те қатар жүреді. Әр қатысушы бұл байқауды үлкен өмір қадамдарындағы бір тәжірибе жинайтын мүмкіндік деп қабылдауы тиіс.

ән не жайында айтып жатқанын түсіндіру керек, сонда ғана ән орындаушының жүрегінен шығады деді. Ән Отан туралы, ана, әке, туған жер жайында болсын ұғынып,

болды. ІІІ орынға Иманкеш Ақзере (№1 лицей) және Бидайық ауылдық мәдениет үйінің "Грация" би тобы иеліктті.



тындарманға жеткізе білу керек. Сахынада әншінің образы, әртістік өнері де маңызды екенін ескертті.

Би номинациясы бойынша қатысушылар жеке және топ бойынша бақтарын сынады. Рамазан Айзере (№1 мектеп лицей) және Б.Амалбеков мектебінің 2 сынып оқушылары бас жүлдеге ие болды. І орын "Айкөркем" би тобына (Балалар өнер мектебі), Атасу ЖББМ бишілеріне, ІІ орын

Сағымбекова Кәусар (Б.Амалбеков ТМ), Алдажан Диас (Бидайық ЖББМ) лайық деп танылды. Барлық қатысушыларға марапат қағаздары табысталды.

Бетті дайындаған Салтанат Балтабайқызы

(Бидайық мәдениет үйі), Б.Амалбеков атындағы 4 Г сынып оқушыларына тиесілі болды.

Самға, жас толқын!

Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл толуына орай ұйымдастырылған "Самға, жас толқын" байқауы мәдениет үйінде өткізілді. Өнерлі оқушылар ән және би номинация бойынша жарысқа түсті.

Ең бірінші жас бишілер өнеріне кезек берілді. Түрлі жанр бойынша мың бұрылған бишілер өнерін ортаға салды. Қорытынды бойынша бас жүлде С.Сейфуллин ЖББМ 7А сынып оқушыларына табысталды. І орынға Б.Амалбеков атындағы мектебінің 4А сынып оқушылары, ІІ орынға Ынтымак ЖББМ 5 сынып оқушылары және Байдалы би ауылдық мәдениет үйінің "Жұлдыз" би тобы ие

Ән шырқаған оқушылар арасында бас жүлде Арманқызы Сезімге (Байдалы би) бұйырды. І орын дипломы Амантаева Мөлдірге (№1 лицей) табысталды. ІІ орынды Мәулетұлы Мирас (А.Сейдімбек ЖББМ) пен Түсіпова Еркеназ (И.Омаров атындағы мәдениет үйі) өзара бөлісті. ІІІ орынға Жүмкен Айару (Е.Шаханов ТМ), Мұхтар Жібек (О.Жұмабеков ТМ),

Футболда жеңіс те, жеңіліс те ортақ



Спорт ойындарының барлығы күш-қайратты, жігерді, тәртіпті талап етеді. Бірақ оның ішінде футболдың орны әсте бөлек. Себебі, ол командалық ойын. "Бірі - барлығы үшін, барлығы - бірі үшін" деген нағыз футболға арналған ұстаным секілді. Бұл жерде ойыншылар адамның бір ағзасы секілді, бір-бірін сөзсіз түсініп, бірін-бірі демеп ұйымшылдықпен ойнауы қажет. Тек бір ойыншы қателік жіберсе, ол барлық команданың сәтсіздігіне себепкер болуы әбден мүмкін. Футболда жеңіс те, жеңіліс те ортақ. Сондықтан футболшы бұл жерде тек шынығып қана қоймай, бірлікке, командамен үйлесімді жұмыс жасауға үйренеді.

Біздің ауданның жас футболшылары көптеген жетістіктерге жетіп жүргенін бірі білсе, бірі біле бермес. Ауданымыздағы футболдың жай-күйі жайында кеңірек білмек болып, бапкерлерді сөзге тарттық.

Футболдан көп жылдар бойы шәкірт тәрбиелеп жүрген, білікті маман Сәрсекеев Батырбай Тілеуұлы Ынтымақ ауылының тумасы. Қарағанды қаласындағы мемлекеттік университетінің дене шынықтыру факультетін тәмамдаған

2017 жылы Астана қаласында мектеп оқушылары мен колледждер арасында өткен республикалық жарыста II орын, Тараз қаласында Қазақстан бойынша өткізілетін жасөспірімдер арасындағы сайыста III орын алады. Мұның арасында біздің жас футболшылар облыстық деңгейдегі жарыстарда бақтарын сынап, жүлделі оралып жүр.

Командалық ойында оқ бойы озық шығатын үздік ойыншылар да болады. Хами Алдияр, Бейбіт Айдын дәл осындай үздіктер қатарында. Мұратов Исламбек бүгінде Шахтер командасының құрамында өнер көрсетуде. Тілеу Нұртөре жаңадан құрылып жатқан Ұлытау облысының құрама командасының сапында. Өзбекстан мемлекетінде сборда жүр.



ол, туған жеріне оралып, 2004 жылдан бастап үш жылдай спорт мектебінде еңбек етеді. Жұмыс ауыстыруға тура келіп, 2008 жылға дейін құрылыс саласында тер төгеді. Бірақ спорттан алыстай алмаса керек, 2009 жылы аудан басындағы балалар және жасөспірімдер спорт мектебіне келіп, бапкерлік жұмысын қайта жалғастырады.



Батырбай Тілеуұлының бірнеше жыл бұрын шәкірті болған,

ал қазір иық тірестіріп, әріптес болып жүрген жас бапкерлер Кәдікенов Ернар Орынбекұлы мен Зәкәрия Асанәлі Мұсаұлының да бұл салада сіңірген еңбегі зор. Бір қызығы Ернар мен Асанәлі бір сыныпта оқыпты. Ю.Гагарин (қазіргі А.Сейдімбек) атындағы мектепте 8-сыныпта оқып жүріп, футболға бара бастайды.

2012 жылы Тараз қаласында мектеп оқушылары арасында өткен "Былғары доп" республикалық турнирінде 5 орын алады. Бұл жарыстың алдында облыстық деңгейде жеңімпаз атанады. 2014 жылы Таразда өткізілген ауыл спортшылары арасында ұйымдастырылған ойында III орын иеленеді. 2018 жылы Қызылорда қаласында өткен жарыста, 2021 жылы Ақтау қаласында ересектер арасындағы ауыл ойындарында өнер көрсетеді. Бұл дүбірлі сайыста біздің футболшылар жетінші, сегізінші орындарда тұрақтайды. Бірақ, білген адам үшін бұл өте жақсы нәтиже. Бұл додаларға шамамен 64 команда қатысатынын ескерсек, бұл көрсеткіш жеңіспен пара пар. Нәтижесінде балалардың болашағы спортпен байланы-



сады. Ернар "Болашақ" университетінің колледжінде дене шынықтыру мамандығы бойынша білім алса, Асанәлі Қарағанды мемлекеттік университетінің дене шынықтыру факультетінің түлегі атанады. Асанәлі Қарағандыдағы жастар спорт мектебінде бір жылдай еңбек етіп, 2018 жылы ауданымыздағы спорт мектебіне жұмысқа орналасады.

Осылайша екі сыныптастың еңбек жолы әрі қарай жалғасып, жетістіктері ұштаса береді. Жоғарыда айтылған жетістіктердің барлығы да жаттықтырушыларға ортақ. Футбол әуесқойларының лигасының құрамында.

-Біздің бүгінгі басты проблемамыз - ғимараттың жоқшылығы. Спорт үшін дайындықтың маңызы зор. Ал, бізге керегі үлкен зал. Спорт мектебінің залы босай қоймайды. Модуль үнемі толық. Тек демалыстың екі күні ғана дайындалуға мүмкіндік аламыз. Балаларымыз тек екі күндік жаттығумен осындай нәтиже көрсетіп жүр. Егер тұрақты дайындықты жүргізсек, мүмкіндігіміз зор болар еді. Тағы екінші мәселе - сыртта өтетін жарыстарға қаражат бөлінбейді. Облыстық, республикалық, мемлекеттік жарыстарға ата-аналардан ақша жиналады. Қомақты қаржыны беру біреуге қиындық тудырмаса, екіншіге әжептеуір салмақ

с а л а д ы . Футболға командалық қатысу керек болғандықтан бір баланың да қалмағаны дұрыс,-дейді бапкерлер.

Бүгінде жасы 7-18 аралығындағы жас футболшылар 9 команданы құрап отыр. Аталған проблемаларға қарамастан, түрлі деңгейдегі жарыстарға үзбей қатысып, жетістіктер қатарын молайтуда.

Салтанат Балтабайқызы

Еңбек адамы

Еңбек пен игілікке жол тартқандар

Сүйіндікова Рымкүл Наурызбайқызы

1935 жылы 11 сәуірде Өркендеу елді мекенінде дүниеге келген. Отбасында төрт қыз болған. Әкесі Наурызбай соғыста он жеті немісті жер жастандырып, батыр атағын алып, «Қаһарман» атты қызыл кітапқа енген. Әкесі сол соғыста үш ай госпитальда жатып қайтыс болған.

Рымкүл апамыз үйдің, ауылдың тұрмыс-тіршілігіне ерте жастан араласқан жан. Сол кезде жасы кіші болса да қой сауып, сауыншы болған. Ауылдағы қандай жұмыс болмасын азаматтармен бірге араласып, түрлі жұмыстарды атқарған. Бала болса да сол кездегі ел болып көрген ауыртпашылықты, түрлі тауқыметті көріп бой жеткен.

1952 жылы Сүйіндік баласы Нағашыбек атамyzбен отбасын құрған. Отағасымен бірге жаңа өмірді бастаған Рымкүл апай Қамысмола, Мәулімбердіде қой қырып, сауыншы болып жұмыс істеген. 1956 жылдары қазіргі Шабден Ералиев совхозында сиыр сауып, сауыншы болып жұмыс істеген.

Нағашыбек атамyz ауылымызда мал дәрігері болып, кейіннен жылжымалы автодүкеннің (автолавка) шоферы болып қызмет атқарған еңбек адамы. Еңбек ете жүріп отбасының тірлігін бірге атқарған Рымкүл апамыз он үш баланы өмірге әкелген алтын құрсақты ана. «Алтын алқа», «Күміс алқа» иегері. Тағдырдың жазуымен Рымкүл апамыз 47 жасында жарынан айырылып, жесір қалған. Қиындыққа мойымаған анаға үлкен ұлы Махмұт қолқанат болып, балаларын өсіріп жеткізеді.

Саменова Зүбайра

Зүбайра апай Қарағанды педагогикалық институтына 1969 жылы оқуға түсіп, 1974 жылы химия-биология мамандығы бойынша бітіріп, өзі туған ауылында ұстаздық қызмет жолын бастады. Химия пәнінің үздігі, білікті маман иесі өзінің білімімен қаншама шәкірт тәрбиелеп, олардың жақсы маман иесі болуларына үлкен үлес қосқан ұстаз. Еңбектері еленіп, Жанаарқа ауданының әкімінің Құрмет грамотасымен, Қарағанды “Болашақ” университетінің «Эрудит - 2011» олимпиадасына оқушы дайындағаны үшін алғыс хатпен марапатталды.

Зүбайра апай өзі туған ауылында Жекенов Оралбай ағаймен отау құрып, отбасында төрт бала тәрбиелеп өсірді. Балалары бір – бір үй болып, әр салада қызмет атқарып, ата –аналарына немере сүйгізді.

Шегебаева Әлия Балтабайқызы

1966 жылдың 22 қазанында С.Сейфуллин ауылында дүниеге келген.

1973 жылы Ынтымақ орта мектебінің 1-ші сыныбына барып ойдағыдай бітіріп, Қарағанды қаласына қарасты Саран педагогикалық училищесінің «Орта мектептің 4-8 кластарында еңбек пәнін оқыту» бөліміне оқуға түсіп, маман болып өзі білім алған Сәкен ауылындағы Ынтымақ орта мектебіне еңбекке баулу пәнінен мұғалім болып орналасады.

1986 жылы сол ауылдың азаматы Әкімжанов Зарлықпен шаңырақ көтереді.

Қазіргі таңда Мұқағали, Фарица, Мұстафа балаларынан сегіз немере сүйіп отырған әже.

2003 жылы Қарағанды қаласындағы мемлекеттік университетінің еңбек технологиясы факультетіне түсіп 2006 жылы жоғарғы білімді диплом алды.

1985 жылдан бері Ынтымақ мектебінде мектептің көркейіп-гүлденуіне өз үлесін қосуда. Қазіргі таңда Ынтымақ мектебінің

директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары қызметін атқаруда.

Алия Балтабайқызы жан-жақты меңгерген ұстаз. А.Шегебаева оқушыларға білім беру процесінде үнемі нормативтік-құқықтық құжаттарды басшылыққа алады. Мұғалімдер, ата-аналар, оқушылармен қарым-қатынас барысында ынтымақтастық педагогикасы принциптерін ұстанады, Демократиялық стильмен жұмыс жүргізеді. Сонғы аттестаттау мерзімінен кейінгі 3 жылда да оқушылары республикалық, облыстық, аудандық олимпиада, байқау, фестивалдар, көрмелерден нәтижелі көрсеткіштер көрсетіп, алдыңғы қатардан көрінуде. Саяси сауатты, қоғамдағы өзгерістерді үнемі бақылап отыратын, ой - өрісі кең ұстаз. Педагогика ғылымындағы жаңалықтарды оқып, зерделеп іс-тәжірибесіне енгізіп отырады. Осы оқу жылында сыныптан тыс шарасында, ашық сабақтарында оқытудың жаңаша технологиясын ұтымды пайдаланды. Өмірде қарапайым, ұжымда беделді, әріптестерімен өзара сыйластықпен жұмыс істейді.

Сүлейменова Айжан Ғабайдуллақызы

1970 жылы 5 маусымда Жанаарқа ауданы С.Сейфуллин ауылында Түсіпов Ғабайдулла мен Сейсенова Күләштің отбасында дүниеге келді. Алғабас бөлімшесіндегі бастауыш мектепке 1 сыныпқа барды. Бастауыштың 2-3 сыныбын Балқаш қаласында оқиды. 5-9 сыныптарды Жанаарқа негізгі мектебінде оқып, 10-11 сыныптарда С.Сейфуллин мектебінде бітіреді. 1993-1997 жылдары Жезқазған педагогикалық училищесіне түсіп, бастауыш сынып мамандығын алды. 2001 жылы Қарағанды мемлекеттік университетіне оқуға түседі. Еңбек жолын 1998 жылы Алматы гуманитарлық колледжінен бастайды. 2000 жылдан бастап Бидайық орта мектебінде МАД тобында тәрбиеші, 2007 жылдан бастап биология пәнінің мұғалімі болды. 2010 жылдан бастап мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары қызметін атқарды. Кәзіргі таңда биология пәнінің мұғалімі.

Облыс, қала, аудан деңгейінде көптеген марапаттарымен марапатталған.

2021 жылы Қазақстан Республикасы ақпарат және қоғамдық даму министрінің грамотасымен, облыстық ғылыми жобалар сайысында дипломмен марапатталды. Аудандық «Ең үздік медиатор» атты мектеп байқауында мадақтамамен марапатталды. Жолдасы Сүлейменов Сағынтай ПЧ-25-те жол жөндеуші болып жұмыс атқарады. Тұңғыштары Файзуллина Мәдір С.Сейфуллин ЖББМ-де ұстаз, екінші баласы Ақниет Қарағанды мемлекеттік университетінің фармацевтика факультетінде оқиды. Ұлы Мирас Бидайық жалпы білім беретін мектебінің 5 сынып оқушысы. Үш немересі бар.

“Ұстаздық еткен жалықпас”-демекші ұстаз деген ұлағатты есімді қадірлеп жүрген Айжан Ғабайдулла ұстаздық жолында аянбай еңбек етіп келеді. Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие беру, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік рухта бағыт-бағдар беруде ұстаздың еңбегі зор. Сондықтан да ол әрдайым қасиетті тұлға ретінде ерекшеленеді.

Садықова Маржанкүл Қалдыбайқызы

1974 жылдың 28 мамырында Жаңаталап ауылында дүниеге келді. 1981 жылдың 1 қыркүйегінде Жаңаталап сегізжылдық мектебіне барды, 1989 жылы атаулы мектепті үздік бітірді. Сол жылы Абай атындағы Саран педагогикалық училищесіне бастауыш сынып мұғалімі мамандығы бойынша

оқуға түсіп, 1993 жылы аяқтап шықты. Еңбек жолын сол жылы Бидайық орта мектебінен бастады. 2002-2005 жылдары Қарағанды мемлекеттік университетінің педагогика және бастауыш сынып факультетін сырттай оқып, бітірді.

2007 жылы №69 разьезінде бастауыш мектеп ашылуына байланысты сол мектепке ауыстырылды. 2010 жылы Қызылжар станциясына отбасылық жағдаймен қоныс аударып, Қызылжар жалпы орта мектебінде еңбек жолын жалғастырды. 2014 жылдан бастап Бидайық жалпы білім беретін мектебінде жұмыс істейді. Биыл еңбек өтіліміне 30 жыл толады. Осы жылдар ішінде алдынан қаншама шәкірттер білім алып, өмір көгіне самғады. Қазіргі таңда шәкірттері әр салада қызмет етіп келеді.

2000 жылы Мұхиев Ұзақбайға тұрмысқа шығады. Бақытты отбасында 2 бала тәрбиеленген. Жолдасы Қазақстан теміржолында жұмыс істейді.

Әбдіқасова Гүлмира Советқызы

Гүлмира Советқызы 1968 жылы 3 ақпанда Шет ауданы, Кеншоқы кеншарында дүниеге келген. 1984 жылы Жезқазған педагогикалық институтының физика-математика факультетінде оқуға түсіп, дипломды маманға айналады. Алғашқы еңбек жолын Шет ауданы, Пикет орталау мектебінде физика-математика пәнінің мұғалімі болып бастайды. Жас маманның өз саласына деген қызығушылығы мен білгенін балаларға үйретудегі тыңғылықты жұмысының арқасында мектептегі алғашқы жылы-ақ аудандық «Жыл мұғалімі» байқауынан жүлделі орынға ие болды. Облыстық «Жезқазған туы» газетінде жас ұстаз Әбдіқасова Гүлмира туралы көлемді мақала жарық көрді. 1990 жылы тұрмыс құруына байланысты Ақтүбек орта мектебіне физика-математика мұғалімі болып жұмысқа орналасты.

Содан бері Ақтүбек орта мектебінде жұмыс атқарады. 1997 жылы мектеп директоры болып тағайындалды. 1998-2003 жылдар аралығында осы мектептің оқу ісінің меңгерушісі болып қызмет атқарды. 2004 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін Ақтүбек жалпы білім беретін мектебінің директоры қызметін атқарып келеді. Жалпы өзінің өмірлік еңбек жолында еліміздің болашақ азаматтарына білім беруде және тәрбиелеуде. Ақтүбек мектебінің оқу-тәрбие саласының дамуына өз үлесін қосып келеді.

Аудандық, облыстық білім департаментінің құрмет грамоталарымен бірнеше рет марапатталған. Атап айтқанда, облыстық білім басқармасының құрмет грамотасы (2020 ж), облыстық білім басқармасының құрмет грамотасы (2021 ж), аудан әкімінің алғыс хаты (2021 ж), облыс әкімінің алғыс хатымен, Қарағанды облысының «Нұр Отан» халықтық демократиялық партиясының грамотасымен марапатталған.

Отағасы М.Ж.Кіштаев екеуі үш бала тәрбиелеп отыр. Тұңғыштары - Балғатай жоғарғы оқу орнын бітіріп, денешынықтыру пәнінің мұғалімі. Қызы - Толғанай жоғарғы оқу орнын бітіріп, қазіргі таңда Қарағанды қаласында «Дарын» мектебінде ағылшын тілі пәнінің мұғалімі. Асылбегі жоғарғы оқу орнының студенті.

Байқонысова Бақыт Жолкенқызы

Ұзақ жылдар бойы білім саласында еңбек етіп, біліктілігі мен білімділігін әріптестері мен шәкірттеріне көрсете білген майталман ұстаз. “Қызылжар” жалпы білім беретін мектебінде 42 жыл бастауыш сынып мұғалімі болып еңбек етіп, зейнеткерлікке

шыққан ұстаздың ұстанымы ұлттық құндылықтарымызды дәріптеп, қазақы салт-дәстүрлерімізді бүлдіршіндердің бойына сіңіру. Білім мен тәрбиені ұштастырып, жас буынның жетесіне жеткізу бұл оңай жұмыс емес. Дегенмен мақсаты айқын ұстаздың алдындағы оқушылары сол межені бағындыра білді.

Еңбек жолы 1980 жылдан басталған майталман ұстаздың алдын көрген шәкірттерінің балаларына білім беру бақыты бұйырды. Ұрпақтар сабақтастығын жалғастырып ата-ана мен балалар арасындағы байланысты нығайтуға атсалысты.

Бақыт Жолкенқызынан білім алған оқушылары бүгінгі таңда білікті қызметкерлер, өз ісінің білгір мамандары. Олар ел ішінде тәрбиелі отбасы болып отыр.

Райымбаева Ләззат

Хайруллақызы

1964 жылы 29 маусымда Қараағаш (бұрынғы Рассвет) ауылында дүниеге келген. «Ынтылы» орта мектебінің 1982 жылы тамамдап, Саран қаласындағы Абай атындағы педагогикалық училищесінің «еңбек және сызу пәнінің мұғалімі» мамандығы бойынша оқуға қабылданады. Училищеден орта арнаулы білім алып шығып, «Ынтылы» орта мектебіне мұғалім болып қызметке кіріседі. 1986-1987 жылдар аралығында Жанаарқа аудандық «Қызғалдақ» балабақшасында тәрбиеші қызметін атқарды. 1987-1993 жылдар аралығында «Дружба» совхозына қарасты «Ленин» бөлімшесінде «Қызғалдақ» балабақшасында тәрбиеші болып еңбек етті. 1993-2019 жылдар аралығында «Талдыбұлақ» ауылдық кітапханасында кітапханашы болып жұмыс атқарды. Ауылымыздағы кітапханада еңбек еткенде өз жұмысын жаңа бағытта көрсете білді. Кітап авторы жайлы мәліметтер жинақтап, кітаптың ішінде не жазылғанын және ондағы кейіпкерлерді зерттеп, ауыл оқырмандарына айтып, ауыл тұрғындарын кітап оқуға қызықтырып жүреді. Ғаламторда жоқ нәрсе әрдайым кітапта болатынын баса айтып, кітап оқуды насихаттап, оқырмандарға жағдай жасап, сұраған кітабын бірден тауып беріп, қызмет көрсетеді.

Ләззат Хайруллақызының арқасында көп баланың оқуға деген қызығушылығы артып, сіңірген еңбегі зор.

Ускембаева Айман

Қахарманқызы

1964 жылдың 12 ақпанында Алматы облысы, Нарынқол ауданы, Сарыжаз ауылында дүниеге келген. 1981 жылы орта мектепті бітіріп Алматы қаласындағы ауылшаруашылық институтына оқуға түсіп, оқуын ойдағыдай аяқтап, инженер-механик мамандығын алады.

1993 жылдан бастап Айнабұлақ ОМ математика пәнінің мұғалімі бола жүре 1999 жылы Қарағанды мемлекеттік университетін оқып математика-информатика мұғалімі мамандығын алады. 2005 жылы мектеп директоры қызметіне көтеріліп, қазіргі уақытта да осы қызметте. Айман Қахарманқызы білімді ұстаз ғана емес, білікті басшы ретінде де еңбектері бағаланып талай марапатқа (ҚР Білім және ғылым министрлігінің алғыс хаты, облыстық, аудандық білім бөлімдерінің, әкімшілік тарапынан марапатталған) және ел ризашылығына бөленген жан.

Жолдасы Ускембаев Алдан Тлеуғабылұлы екеуі 3 бала тәрбиелеп, өсірген үлгілі, өнегелі отбасы. Балаларын әр қайсысын өз орындарына қондырып, немере сүйіп отырған ардақты ата-әже.

«Архивтік анықтамалар, архивтік құжаттардың көшірмелерін немесе архивтік үзінділер беру» мемлекеттік қызметі

Қазақстан Республикасының мәдениет және спорт министрлігінің 2020 жылғы 29 мамырдағы № 159 бұйрығымен архив ісі саласындағы мемлекеттік қызмет көрсету қағидасы бекітілді. (19 қазан 2021 жылы өзгеріс енгізілді).

«Архивтік анықтамалар, архивтік құжаттардың көшірмелерін немесе архивтік үзінділер беру» мемлекеттік қызмет көрсету қағидасы бойынша өтініш қабылдау және оның нәтижесін алу:

1. Қызмет берушінің канцеляриясы;
2. «Азаматтарға арналған үкімет» «Мемлекеттік Корпорациясы» КЕ АҚ;
3. «Электрондық үкімет» веб-порталы www.egov.kz

арқылы іске асырылады.

Әлеуметтік – құқықтық сипаттағы келесі мәліметтерді: жұмыс өтілін, жалақы мөлшерін, білімін, марапатталғанын, зейнетақы жарналары мен әлеуметтік төлемдердің аударылуын, ғылыми дәрежелермен атақтардың берілуін, жеке меншік құқығы, сот шешімдері, нотариалдық құжаттар туралы архивтік анықтама, архивтік құжаттардан қуаландырылған архивтік көшірмесі, архивтік үзінділер беру мемлекеттік қызметі ақысыз түрде жеке және заңды тұлғаларға 11 жұмыс күн ішінде көрсетіледі.

Цифрлық технологияларды пайдалану есебінен халықтың өмір сүру сапасын жақсарту мақсатында «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы қабылданды. Осыған орай Жанаарқа ауданының архивінде қызмет алушылар электронды анықтамаларды ЭЦҚ көмегімен немесе жеке телефонына жіберілетін СМС хабарлама арқылы алулары үшін «Өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы» орналастырылды.

«Жанаарқа ауданының мемлекеттік архиві» КММ-сі мына мекен-жай бойынша орналасқан: Жанаарқа ауданы, Тәуелсіздік даңғылы, 7 үй, э.адресі: arhiv_zhanaarka@mail.ru

Қызмет алу барысында туындаған сұрақтар бойынша мына телефон: 8-710-30- 2-73-45, 2-71-02 номерлер арқылы хабарласуларыңызға болады.

«Жанаарқа ауданының мемлекеттік архиві» КММ

Ономастика және қоғам

Бүгінгі таңда ономастика – қазақ тілінің ажырамас бөлігіне айналғандықтан, ерекше жүйе ретінде қаралып, қолданысқа енді. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап еліміздің басқа өңірлері секілді Жанаарқа ауданында (ономастика) бұл бағыттағы жұмыстар қарқынды жүзеге асырыла бастады.

Көптеген елді мекендердің тарихи атаулары қайтарылып, халқымыздың ұлы тұлғаларының есімдері ұлықталды. «Жердің аты — бабаңның хаты» деген қанатты сөз бар. Шын мәнінде әрбір жердің, өзен, көлдің, қалалар мен таулардың аттарының астарында тарихтың хаты жатқаны анық. Қазіргі кезде тарихқа деген көзқарас, ынта күн өткен сайын артып келеді. Оның себебі халықтың өзінің өткен тарихына деген қызығушылығы, тарихтың қойнауында сырын бүгіп жатқан құпия болып келген тұстарына бағамдап қарау, зерттеу қадамына назар аудару, адамзаттың бүкіл даму тарихына соның ішінде жерінің атауына, даму тарихына үнілу, оны түсінуге тырысудың қаншалықты маңызды екенін аңғара бастады.

Тарихтың әр халықтың өткені мен бүгінін зер сала отырып зерттейтіні, тарих қойнауында өткен уақыттарда орын алған, болып жатқан оқиғаларға әр тұрғыдан әдістемелік жағынан баға беріп отыратыны арқасында ол халықтың игілігіне айналады. Алайда, ономастика жұмыстарына байланысты заңнамалардағы олқылықтардан бірқатар мәселелерді нормативтік құқықтық тұрғыдан шешу жағы күрделі күйінде қалып келеді.

Сондықтан, осындай күрмеуі қиын проблемаларды арнайы жаңа заң қабылдау арқылы іске асыруға болады. Токсан сөздің тобықтай түйіні, топонимика саласында жүргізіліп отырған тілдік саясат тәуелсіздікті нығайту, мемлекеттік сәйкестікті қалыптастырудағы басымдықтардың бірі болғандықтан, ономастикадағы қордаланып қалған проблемаларды шешу үшін елімізге “Ономастика туралы” арнайы заң қажеттігі күн өткен сайын айқын сезіледі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 ақпандағы №138 Қаулысына сәйкес көшелерге атау беру және оларды қайта атау (Әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидаларын бекіту) туралы қаулысын негізге ала отырып, Жанаарқа ауданында қоғамдық тыңдаулар мен жиындар ұйымдастырылып, Қарағанды облыстық ономастика комиссиясының рұқсатымен, Жанаарқа ауданында идеологиялық тұрғыда мән-мағынасы ескірген көше, елді мекен атаулары тарихи, ұлттық танымға сәйкес, дәстүрлі атауға ауыстырылды.

Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі

«Бір ел – бір кітап» акциясы



Жыл сайынғы дәстүрмен ҚР-ның Ұлттық академиялық кітапханасында «Бір ел – бір кітап» Республикалық акциясы аясында жалпыхалықтық оқуға жыл кітабы таңдалды. Биыл драматург, жазушы Төлен Әбдіктің шығармалары жыл кітабы болып бекітілді. Акцияның мақсаты ұлттық әдебиетіміздегі ең үздік деген туындыларды оқу және насихаттау, қоғамның оқуға деген ықыласын көтеру, сонымен қатар жасөспірімдердің зияткерлік – рухани дамуына ықпал жасау.

Төлен Әбдікұлы 1942 жылы 4 қыркүйекте Қостанай облысы, Жангелді ауданы, Еңбек ауылында дүниеге келген.

Т.Әбдіктің шығармаларының тұлғасы бөлек, кейіпкерлері ерекше. Жазушының үлкенді – кішілі отызға жуық еңбегі бар.

Кітапханада жыл бойы «Бір ел – бір кітап» акциясы аясында «Ұланнан ұшқан суреткер» атты кітап көрмесі ұйымдастырылып, библиографиялық шолу жасалып отырады. Кітапханаға барша оқырмандарды Т.Әбдіктің шығармаларын оқуға шақырамыз!

Искакова Мереке,

С.Сейфуллин ауылдық үлгілі кітапханасының кітапханашысы

Ақпарат керуені жұмысын бастады



25 қаңтар күні «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің ұйымдастыруымен ауданымыздың Ф. Жарылғапов атындағы аграрлы колледж студенттерімен «Жастар – жастарға» ақпараттық керуені өз кездесулерін бастап кетті.

Кездесу барысында «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің директоры Еркегүл Тәттімбекқызы жастарға мемлекет тарапынан

көрсетілетін қолдаулар, жастардың бастамаларын және жастар саясаты саласындағы қолданыстағы мемлекеттік бағдарламалар туралы түсіндіріп өтті.

Бүгінгі таңда жастармен тығыз байланыста жұмыс жасау басты мәселелердің бірі. Осы орайда, дін мәселесін зерттеу секторының менеджері Кәрібаев Қайыржан Маратұлы «Бос уақыттың қадірі» туралы тақырыбында студенттермен тілдесіп, аудандық аурухана эпидемиолог дәрігері Аширова Салтанат Натанқызы ЖИТС (СПИД)-ғасыр індетінің алдын алу туралы ақпарат ұсынды. Сонымен қатар, аудандық аурухананың гинеколог дәрігері Гүлімай Сайлауқызы колледждің студент қыздарына жекелей дәріс беріп, сұрақ-жауаптармен алмасты. Алдағы уақытта «Жастар – жастарға» ақпараттық керуені барлық аудан мектептерін аралайтын болады.

Жастар ресурстық орталығы

Тауарларға ілеспе жүк құжаттарды ресімдеу

Салықтық әкімшілендіру процестерін автоматтандыру және цифрландыру шеңберінде 2020 жылдың соңында ЕАЭО елдерінен тауарларды әкелу және әкету кезінде ТІЖ енгізу жөніндегі пилоттық жоба іске қосылды (Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қаржы министрінің 2020 жылғы 16 қарашадағы №1104 бұйрығы).

Жүргізіліп жатқан пилоттық жобаның оң нәтижелерін ескере отырып, 2023 жылғы 10 ақпаннан бастап астық пен дәнді дақылдардың жекелеген түрлерін импорттау және экспорттау кезінде ТІЖ-ны ресімдеу міндеттеледі.

Осы мақсатта, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қаржы министрінің 2022 жылғы 22 қарашадағы №1178 бұйрығына (бұдан әрі – бұйрық) қол қойылды.

Басқа тауарлық позициялар бойынша ТІЖ міндетті ресімдеу пилоттық жоба аяқталғаннан кейін 2023 жылғы 1 сәуірден бастап күшіне енеді, бұл ретте ЕАЭО елдерімен өзара сауда қатынасында экспорттық - импорттық операцияларды жүзеге асыру кезінде ТІЖ-ның міндетті түрде ресімдеудің мерзімдеріне кейінге қалдыру қарастырылмаған.

ТІЖ міндетті ресімдеу күшіне енгеннен кейін, ТІЖ ұсынбағаны және ТІЖ-ға мәліметтердің сәйкес келмегені үшін әкімшілік жауапкершілік көзделгенін атап өту қажет. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 283-1-бабына сәйкес ТІЖ ұсынбау не уақтылы ұсынбау, тауарларға арналған ілеспе жүкқұжатта тауарлар атауының сәйкес келмеуі, олардың санын (көлемін) анық көрсетпегені үшін, кәсіпкерлік субъектілеріне қарай 5 пен 30 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Барлық сұрақтар бойынша сіз 2-60-76 немесе телефондар арқылы байланыса аласыз

Жанаарқа ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер

Құрметті қызмет алушылар! Ұлытау облысы білім басқармасының Жанаарқа ауданы білім бөлімінің «Психологиялық – педагогикалық түзету кабинеті» КММ ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың білім алуына қолдау көрсетіледі және білім берудің барлық деңгейлерінде әлеуметтік бейімдеу мақсатында «Malahit 24.kz» бағдарламасына ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға электрондық жүйесін енгізу бойынша жұмыс жүргізуде. Қызмет көрсетушінің құқығы: орталық мемлекеттік органдардан, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарынан, қаладағы әкімдерінен алады.

Ақпараттық жүйе зерттеу актілерін, ПМПК қорытындыларын алу; білім алушыларды мектепке қабылдау және оқудан шығару процесін автоматтандыруға мүмкіндік береді. «Malahit» бағдарламасы ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар санының толық көрінісін береді, оларды біліммен, психологиялық-педагогикалық қолдаумен қамтиды. Арнайы білім беру ұйымына қалай қабылдануға болады? 1. Интернет порталға кіріп «Malahit 24.kz» бағдарламасын таңдайды. 2. Елді мекенді таңдау арқылы өзіміздің тұрғылықты жерді белгілейді. 3. Барлық көрсетілетін қызметтерді қарау» батырмасын басады. 4. Көрсетілетін қызметтің паспортымен танысып, порталда тіркелу шарттарын қабылдайды және «Өтініш беру» батырмасын басу арқылы, өтініш беру рәсімі басталады. Ашылған терезеде «Көрсетілетін қызметтердің тізімі» бөлімінде «Арнайы білім беру ұйымдарына қабылдау» деген көрсетілетін қызмет таңдалады. 1. Байланыс деректерін толтырамыз. 2. Ата-ана (немесе заңды өкіл) және бала туралы ақпарат жазылады. 3. Арнайы білім беру ұйымы таңдалады. 4. Хабарламаларды алуға келісім беріледі. 5. Енгізілген деректердің дұрыстығы тексеріледі. 6. Өтініш тіркелуге жіберіледі.

Қорыта келгенде «Malahit 24.kz» бағдарламасы бойынша кез келген ата-ана өз үйінде электрондық түрде интернет желісі арқылы Ұлытау облысы білім басқармасының Жанаарқа ауданы білім бөлімінің «Психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті» КММ – не тіркеле алады және өз кезегін көре алады.


М.А. Саттарова,
жауапты маман

4 ақпан 2023 жыл

7

ЖАҢААРҚА

Ендаманов Зарлық



Қаңтардың соңында жаны жомарт, жүрегі кең, жарқын жүзді, білікті басшы болып, ел игілігіне қызмет еткен, алдымыздағы аға буын өкілі, әріптес болған Ендаманов Зарлық 86 қараған шағында өмірде өтті.

Ендаманов Зарлық 1938 жылы Жаңаарқа ауданы, Атасу кентінде дүниеге келген.

Кеңес, заң қызметкері. “Құқық қорғау қызметінің үздігі”. Қарқаралы зооветтехникумының түлегі. КОКП ОК жанындағы Жоғары партия мектебін бітірген.

1960-1964 жылдары Жаңаарқа аудандық сотында орындаушы болып қызмет етті.

1964-1967 жылдары еңбекшілер депутаттары Жаңаарқа аудандық Кеңесі атқару комитетінде нұсқаушы болды.

1967-1977 жылдары Жаңаарқа аудандық Кеңесінің атқару комитетінде жауапты хатшы болды.

1977-1984 жылдары аудандық ішкі істер бөлімінің бастығының орынбасары қызметін атқарды.

1984 жылы Жезқазғандағы бірінші арнайы комендатураның бастығы қызметіне тағайындалып, 1989 жылы запастағы майор шенінде зейнеткерлікке шыққан.

Бірнеше медальдармен, көптеген мақтау грамоталарымен құрметтелген.

Ауданымыздың өркендеуіне өзінің біліктілігін сарп етіп, жас буынды тәрбиелеуде үлгі болған Зарлық Ендамановтың жарқын бейнесі мәңгі есімізде сақталады. Жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын.

Ю.Бекқожин, Ө.Уәлиев, Қ.Қожықасев, А.Елеусізов, А.Әбдіғажин, М.Қуанышбеков, Б.Ақыжанов, А.Аманбаев, Б.Рысбеков, А.Әбжанов

Бақұл бол, ізетті іні, аяулы шәкірт



Гитараны серік етіп, өз өнерімізді көрсеткенде халық бізді ыстық ықыласпен қарсы алды. Еліміздің демеуімен, қолдауымен есіміміз республикаға танымал болды. Сегіз пернелі сиқырлы аспаптың үнінен төгілген әуен мен қоңыр дауысымыз қосылып талай әннің бағын жактық. Біз өнер саласында жүрген уақытта ізімізді жалғаған шәкірттеріміз де баршылық. Білгенімізді үйретіп, бұл өнер түрінің жалғаса беруі үшін барымызды салдық. Тыңдар құлаққа жағымды дыбысты гитараның тілін меңгеру де оңай емес. Қоңыр үнді аспапты басқару үшін ынтамен бірге, шеберлік те қажет.

Талапты шәкірттеріміздің бірі - Сейіл Аяғанов еді. Елу жасын енді еңсерген аптал азаматымыздың кенеттен өмірден өткенін естіп, қабырғамыз қайысты. Сейіл тек әнші, гитара

аспабын шебер меңгерген мықты музыкант ғана емес әрі талантты композитор еді. Шәкіртіміз ғана емес, аға-іні болып сыйласқан кең жүректі, аңқылдаған жан еді. Адамгершілігі, көңілінің кіршіксіздігі әр әнінен анық сезіліп тұратын.

Сейіл үздіктеріміздің қатарында болып еді, өткен... ғұмыры да ерте үзіліп кетті. Оның орындауындағы әндер тыңдарманның әлі жүрегінде. Сейілдің өнері әрқашан халқының жадында сақталады. Өндері шырқалып жүрсе, Сейіл де аразымда жүргендей болады. Қош, ардақты шәкірт, ізетті іні!

Қорабай Есенов,
Бейбіт Қасенов

Көңіл айту

Аудандық білім бөлімі мен білім беру қызметкерлерінің кәсіподақ ұйымы және Е.Шаханов атындағы ЖББ мектебінің педагогикалық ұжымы осы мектептің орыс тілі пәнінің мұғалімі Ендаманова Жанна Зарлыққызына

ардақты әкесінің

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады

*** **

Аудандық білім бөлімі мен білім беру қызметкерлерінің кәсіподақ ұйымы және Е.Шаханов атындағы ЖББ мектебінің педагогикалық ұжымы осы мектептің тарих пәнінің мұғалімі Мұхамеджанова Зураға

аяулы әпкесінің

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады

*** **

Аудандық білім бөлімі мен білім беру қызметкерлерінің кәсіподақ ұйымы және Е.Шаханов атындағы ЖББ мектебінің педагогикалық ұжымы осы мектептің ағылшын пәнінің мұғалімі Мұратбекова Баянға

енесінің

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады

Жарамсыз деп танылсын

2014 жылы қайтыс болған Бірлік көшесі 8 үйдің иесі **Толегонов Тлеубайдың** атына 2007 жылы берілген №1088, 1089 легализациялау комиссия шешімі, 2007 жылы берілген б/н легализацияланған нысанды қабылдау актісі, 2007 жылы берілген №9-20 жер учаскесін жеке меншік құқығын растайтын акт және үйдің иесі ретінде тіркелгендігі туралы растайтын құжаттардың көшірмелері жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын

Сенім телефоны

«Жаңаарқа ауданының тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ сенім телефоны жұмыс істейді. Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексі (Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп қағидалары), «Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы» Қазақстан Республикасының заң нормаларының бұзылу фактілері туралы ақпаратты 2-87-42 телефоны бойынша хабарлай аласыздар.

«Жаңаарқа ауданының тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ

ЕСКЕ АЛУ



Байдалы би ауылының тұрғыны болған адал жар, қамқор әке, ардақты ата **Аманғали Нұрғалиұлының** өмірден өткеніне 11 ақпан күні 40 күн толады.

Әкеміз ақ көңіл, мейірімді, ағайын-буырға, дос-жаранға адал, еңбеккер жан еді.

Ардақты әкеміздің жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын деп Алладан тілейміз.

Ақкөңіл адал едің аңқылдаған,

Ешқашан кісі көңілін қалдырмаған.

Әкетті тосын ажал аразымдан,

Кеудеңде кетті-ау арман айтылмаған.

Әке, қарашы, бәрінің әкесі бар,

Сіз сыймаған өмірдің кеудесі тар.

Ұл-қызыңның жанарында сағыныш бар,

Атасы жоқ немерелеріңе дүние тар.

Жұбайыңның жүреkte жарасы бар,

Сыңары жоқ аққудың айдыны тар.

Адам мәңгі жүрмейді бұл жалғанда,

Көнеміз ғой тағдырдың салғанына

Көзімізге ып-ыстық жас келеді.

Сағынып, әке, сізді еске алғанда.

Сағына еске алушылар: жұбайы, балалары, Қыдыралиндер әулеті
Құрметті ағайын-туыс, бауырлар, құда-жекжат, дос-жаран, әріптестер,
ауылдастар мен көршілер!

Сіздерді асыл жсар, ардақты әке, қимас бауыр, немере-жеңдерінің сүйікті атасы
болған **Аманғали Нұрғалиұлының рухына бағышталған**
40 күндік еске алу асына шақырамыз.

11 ақпан күні сағат 13:00-де "Ақ сарай" мейрамханасында әкемізге
арналып құдайы ас беріліп, құран бағышталады

Хабарландыру

1. «Алпамыс-СК» ЖШС 01.07.2023 ж. - 01.07.2024 ж. аралығында балық шаруашылығы қызметінің Биологиялық негіздемесін және ПБУ қоғамдық талқылау түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

2. Әсер ету аумағы - Қарағанды облысы, Жаңаарқа ауданы, Бидаик ауылдық округі;

3. 13.02.2023 бастап 24.02.2023 ж. дейін жария талқылаулар esportal.kz сайтында жарияланды;

4. Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы - "Алпамыс-СК" ЖШС, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ., Бұқар Жырау даңғылы, 53/1, т. 8 7212 40 00 32;

5. 01.07.2023 ж. - 01.07.2024 ж. аралығында балық шаруашылығы қызметінің биологиялық негіздемесін және ПДУ әзірлеуші "Балық шаруашылығының ғылыми-өндірістік орталығы" ЖШС Солтүстік филиалы.

6. Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын материалдармен, және кейін жарияланатын қоғамдық тыңдаулар хаттамасымен esportal.kz сайтында танысуға болады;

7. Жоспарланып отырған қызмет, қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы қосымша ақпаратты, сондай – ақ көзделіп отырған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін сұратуға alpmys-sk@mail.ru электрондық мекенжайы бойынша алуға болады, esportal.kz сайтында, т. 8 7212 40 00 32;

8. Ескертулер мен ұсыныстар alpmys-sk@mail.ru электрондық поштасы сондай-ақ esportal.kz сайтында, т.8 7212 40 00 32 арқылы қабылданады.

Объявление

1. ТОО «Алпамыс-СК» сообщает о проведении общественных слушаний в форме публичных обсуждений Биологического обоснования рыбохозяйственной деятельности и ПДУ на 01.07.2023 г по 01.07.2024г.

2. Территория воздействия – сельский округ Бидаик, Жаңаарқинский район, Улытауской области;

3. Публичные обсуждения опубликованы на сайте esportal.kz 13.02.2023. до 24.02.2023г.;

4. Инициатор намечаемой деятельности – ТОО «Алпамыс-СК», Республика Казахстан, г. Караганда, пр. Бухар Жырау, 53/1, т. 8 7212 40 00 32;

5. Разработчик биологического обоснования рыбохозяйственной деятельности и ПДУ на 01.07.2023 г по 01.07.2024г. Северный филиал ТОО «Научно-производственный центр рыбного хозяйства».

6. С материалами, выносимыми на общественные слушания, а после и с опубликованным протоколом общественных слушаний, можно ознакомиться на сайте esportal.kz;

7. Дополнительную информацию о намечаемой деятельности, проведении общественных слушаний, а также запросить копии документов, относящихся к намечаемой деятельности можно получить по электронному адресу – alpmys-sk@mail.ru, на сайте esportal.kz, т. 8 7212 40 00 32;

8. Замечания и предложения принимаются по электронной почте: alpmys-sk@mail.ru, также на сайте esportal.kz, т. 8 7212 40 00 32.

Мұрагерлік

Қуанышбеков Аманбай Мұхаметжанович 11.01.1972 жылы туған 2023 жылдың 18 қаңтарында қайтыс болған. Барлық бірінші кезектегі мұрагерлерге Ұлытау облысының нотариалдық округінің нотариусы Жолдаспаева Ш.И. 2023 жылдың 17.07.2023 жылға дейін келіп мұраны қабылдау туралы арыздануларыңызды сұраймыз. Бірінші кезектегі мұрагерлер қайтыс болған азаматтың әке-шешесі, жұбайы /некеде тұрған, ажыраспаған/, балалары болады. Нотариус мекен-жайы Ұлытау облысы, Жаңаарқа ауданы, Жаңаарқа кенті, Абай көшесі, 19/1.

Хабарландыру

Жаңаарқа ауданының қорғаныс істері бөлімі келісімшарт бойынша ә/б 23366 Астана қаласы, ә/б 44293, 65155 Семей қаласы, ә/б 29219 Алматы қаласы, ә/б 15855 Қарағанды қаласы, ә/б 35804 Тараз қаласы, ә/б 35634 Атырау қалаларында әскери бөлімдерінде келісімшарт бойынша әскери қызметке әскери міндеттілерді қабылдайды.

Сұрақтармен, Жаңаарқа ауданының қорғаныс істері бөліміне мына мекенжайға хабарласыңыздар. Сарыарқа орамы 9 үй, тел. 2-71-66.

Ұлытау облысы, Жаңаарқа ауданының қорғаныс істері бөлімі

Кітапханада

Жырдың гүлін тербеткен ақын



Өткен аптада Б. Өтешов атындағы үлгілі балалар кітапханасының ұйымдастыруымен оқушылар үйінде, телестудия үйірмесімен бірлесіп Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, ақын Қалқаман Сариннің мерейтойына арналған «Жырдың гүлін терген ақын» атты әдеби кеш өтті.

Шараға Б.Амалбеков атындағы тірек мектебінің 6 «г» сынып оқушылары мен А. Сейдімбек атындағы мектептің 8-9 сынып оқушысы поэзия оқудан өз өнерлерін көрсетті. Осы әдеби кештің жүргізушісі Е. Шаханов атындағы мектептің оқушысы Жанысқызы Айкүнім өзінің журналистік қабілетін көрсетті.

Ақынның сөзіне жазылған «Жібек сезім» әнін оқушы Мерекеева Шұға орындады. Кештің соңын оқушы Өмірзақ Назерке «Қазақстаным» әнімен аяқтады. Әдеби кешке қатысқан оқушылар мен ұстаздар алғыс хатпен марапатталды.

Б.Өтешов атындағы үлгілі балалар кітапханасы

Мектепте

Мен елімнің болашағымын



Талдыбұлақ жалпы білім беретін мектебінде қаңтар айының 16-23 күндер аралығында «Мен елімнің болашағым» атты тақырыпта апталық өтті. Бірлестік жетекшісі С.Сақабаева апталық жоспарымен таныстырылым жасады. Бірлестік мүшелерінің ұйымдастыруымен «Елімнің табиғаты» тақырыбында сурет байқауы болды.

Суреттер жиынтығы бойынша сурет галереясы ұйымдастырылды. Нәтижесінде 2-сынып оқушылары 1-орын, 4-сынып оқушылары 2-орын, 1,3-сынып оқушылары 3-орын иеленді. «Әдемі жазу-өнер» көркем жазу байқауын С.Құрманбаева өткізді. Байқау қорытындысы бойынша 1 орынды 2-сынып оқушысы Н.Сайлаубай, 2-орынды 4-сынып оқушысы А.Серікова, 3-орынды 1-сынып оқушысы А.Сайлаубай иеленді. Көркем әдеби кітаптар оқу аясында «Жас оқырман» әдеби сандық саяхаты Г.Балапанованың жетекшілігімен жүргізілді. 3-сынып оқушысы І.Әбілқадір өзі оқыған «Жиренше» кітабын ерекше таныстырып 1-орын иеленді. 1-сынып оқушысы Қ.Мейіханқызы Х.К.Андерсеннің «Ұқынсыз үйрек» кітабына таныстырылым жасап 2-орын, 1-сынып оқушысы А.Фазыл өзі оқыған «Құмырсқа мен көгершін» ертегі кітабын тамаша таныстырып 3-орын иеленді. «Тапқырлар тартысы» тақырыбында 2-4 сыныптар арасында математикалық сайысы С.Сақабаеваның жетекшілігімен жүрді. Сайыс барысында көшбасшылық қабілеттерін көрсете білген І.Қазықен, С.Дәулетханқызы өте жақсы нәтиже көрсетті. Ж.Мейрамова «Сен білесің бе?» атты тақырыпта 1-4сыныптар аралығында қызық деректер көзі айдарымен таныстырды. Ең қызықты деректерді бөлісіп, көрермен көзайымы болған 4-сынып оқушылары А.Елубай, Д.Аманжол, Ғ.Спагаев.

Апталықтың қорытындысы шығарылып, оқушылар мадақтама қағаздарымен марапатталып, сыйлықтар тапсырылды.

Сақабаева Салтанат, бастауыш пәндері бірлестігі жетекшісі

Хабарландыру

2023 жылдың 1-ақпанынан бастап «Жаңаарқа» газетінде хабарламалар мен тыңдалым өтеді деген жарнамалық ақпараттарды жариялайтын акционерлік қоғам, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер мен кәсіпкерлер және жеке меншік ұйымдар үшін материалдар жариялау құны 1 кв см - 250 теңге,

- кәсіподақ ұйымдары үшін 1 кв см -150 теңге болып белгіленді.

«Жаңаарқа» газетінің редакциясы

Балабақшада

Туған жерім- алтын бесігім



Ауданымыздың мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының бірі, 18 жылдық тарихы бар «Қарлығаш» бөбекжайында «Туған жерім - алтын бесігім» тақырыбында Жаңаарқа өңірінен шыққан атақты тұлғаларымен, өз ісінің нағыз шеберлері әр сала мамандарымен бұлдіршіндерді таныстыру мақсатында ертеңгілік ұйымдастырылды.

Тәрбиешілердің сыңғырлата, тебіреніте орындаған «Сарыжайлау» әнімен басталған ертеңгілік көздерінен ұшқын атқан жас бұлдіршіндердің ән айтып, би билеп, өлең шумақтарын мәнерлеп айтуларымен жалғасты. Жандос, Мұхамедтің орындауында «Ақбозат», «Туған ел» әндері керемет орындалды. «Алға, Қазақстан» биі көрермендердің көңіліндегі патриоттық сезімдеріне күш берді.


Бұлдіршіндердің өнерлерін тамашалай отырып, қонақтарға сөз берілді. Олар: ҚР еңбегін сіңірген жаттықтырушысы, ҚР құрметті спорт қайраткері, самбо және қазақ күресінен спорт шебері - Тынысбаев Сұлтан Кәрібайұлы, ауданымыздың білім беру ұйымдарында барлық еңбек жолында музыка жетекшісі болған - Сыздықов Мұқат, мәдени- сауық орталығының көркемдік жетекшісі, «ҚР мәдениет саласының үздігі» - Аби-динова Сәуле Абайқызы, аудандық «Жаңаарқа» газетінің жауапты хатшысы, журналистер Одағының мүшесі - Салтанат Балтабайқызы бұлдіршіндерге, ұжымға шығармашылық табыс, тек алда болуларына тілек білдірді.

Көп балалы ана, жас әнші- Әбікеева Әйгерім бұлдіршіндерге «Жаңаарқа вальсі» әнін тамылжыта орындап берді.

Қазақ тілі пәнінің мұғалімі Жумкина Динара Боранқұлқызы шәкірттерімен бақытты екенін, аянабай еңбек етуге дайын екенін, ұжым басшы Кадина Каукен Зекенқызы тәрбиешілердің еңбегі шексіз екенін айтып өтті. Мына өмірдің тек жақсылығын көріп, бақытын сезіне білген адам ғана өмірде шынайы бақытты болады. Бәріміз өмірге келгеніміз үшін бақыттымыз. Жарық дүниеге келудің өзі зор мүмкіндік!

Ұйымдастырушы Д.Құдайбергенова елін, жерін, отанын құрметтеуге, отансүйгіштікке, ұлтжандылыққа тәрбиелеу «Туған жер» бағдарламасы арқылы өткен тарихымызға тағзым, бүгінгі бақытымызға мақтаныш, гүлденген келешекке сеніммен қарап, дені сау, иман жүректі, елін, жерін шексіз сүйетін, халқына адал қызмет ететін он қазаққа татитын бір қазақ баласын тәрбиелеу мақсатында ұйымдастырылған ертеңгілік бұлдіршіндер мен қонақтарды бір серпілтіп тастады!

К.М.Ашықбекова, Аудандық білім бөлімінің әдіскері



ЖАҢААРҚА «Аудандық «Жаңаарқа» газеті редакциясы» ЖШС басшысы - директор ЕРА.ЛИНА САЛТАНАТ АМАНҚЫЗЫ МЕНШІК ИЕСІ: аудандық «Жаңаарқа» газеті ЖШС Мекен-жайымыз: 100500, Ұлытау облысы, Жаңаарқа ауданы, Жаңаарқа кенті, Тәуелсіздік даңғылы, №2 -үй. Телефондар: 2-85-45, бухгалтер 2-80-52, тілшілер бөлімі 2-71-01 ИИК KZ2760171000000078, БИН 010340002761, БИК HSBKCKZKX, КБЕ 16, РНН 240400001948, АО «Народный Банк Казахстана»	
--	--

Құрылтайшысы: Жаңаарқа ауданының әкімдігі Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 18.06.2012 жылы тіркеліп, №12845 - Г куәлік берілген. Жарияланған мақала авторының пікірі редакция қозғарасын білдірмейді Жарнамалар мен хабарламалардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді	Газет «Арқо» ЖШС баспаханасында басылады: Қарағанды қаласы, Сәтбаев көшесі, 15 Офсеттік басылым Индекс 66282 Көлемі бір баспа табақ Таралымы 2005 дана Аптасына бір рет шығады Тапсырыс № 4
---	---